



Бекітемін:

Мектеп директоры: Н. Ж. Таушанова

**Құрман орта мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған  
ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

**Мақсаты:** Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасындағы ата-ананың ықпалын арттыру, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

№	Іс-шара тақырыптары	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды құжат, аяқталу нысаны
1	Мектеп оқушыларының отбасылық жағдайына талдау жасау. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау.	Тамыз	Әлеуметтік педагог Э.Калдыгулова	Тізім жасақау
2	Ата-аналар комитетінің төрайымын сайлау. Жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	ТІЖО Б.Аманбаева Ата-аналар комитеті төрайымы	Хаттама, жоспар
3	Ата-аналар жиналыстарын өткізу	Жылына екі рет Тоқсан сайын	ТІЖО Б.Аманбаева  Сынып жетекшілер	Хаттама, фото
4	Ата-аналарды ашық есік күндеріне қатыстыру.	Үнемі	ТІЖО Б.Аманбаева Сынып жетекшілер	Анықтама
5	Ата-аналардың «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» сабақтарына қатыстыру	Уақытылы	ТІЖО Б.Аманбаева Сынып жетекшілер	Жоспар, фото, анықтама
6	«Қарттарым, асыл-қазынам» қамқорлық акциясы	Қазан	«Қоғамға қызмет» еріктілер клубы М.Наубетов	Жоспар, фото, анықтама
7	«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бала психикасына әсері» ата-аналармен дөңгелек үстел	Қараша	Педагог-психолог Ш.Тайборина	жасақтама, фото, анықтама
8	«Терроризм мен экстремизмнің алдын алу шаралары» тақырыбында ата-аналарға жадынамалар тарату	Ақпан	Әлеуметтік педагог Э.Калдыгулова	фото, анықтама
9	«Отбасы махаббаты неде?» дөңгелек үстел	Наурыз	«Бойжеткен» қыздар клубы Қ.Зейноллаева	жасақтама, фото, анықтама
10	«Отбасындағы тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» психологиялық сабақ	Сәуір	Педагог-психолог Ш.Тайборина	Жоспар, фото, анықтама
11	Жыл бойы өтілген жұмыстарды қорытындылау.	Мамыр	ТІЖО Б.Аманбаева	Жоспар, фото, анықтама

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Б.Аманбаева

## **Көсембай негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қорытындысы**

Көсембай негізгі мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасындағы ата-ананың ықпалын арттыру, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ: Тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау мақсатында оқушылардың отбасылық жағдайына талдау жасалды. Жалпы Көсембай негізгі мектебінде толық отбасылар саны-30, толық емес отбасылар саны-4, әкесі жоқ балалар-3, аз қамтылған әлеуметтік көмек алатын отбасылар жоқ екендігі анықталды.

Қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысы жасалып, ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде «Жанында жүр жақсы адам» тақырыбында өнегелі әкелермен кездесу, бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналары арасында «Толағай» отбасылық сайысы, 1-қазан қарттар мерекесіне орай «Қарттарым, аман-сау жүрші» тақырыбында қарттарға арналған мерекелік бағдарлама, мектеп психологының ұйымдастыруымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бала психикасына әсері» тақырыбында ата-аналарға дөңгелек үстел, «Қауіпсіз терезе» Республикалық ақпараттық акциясы аясында «Бала қауіпсіздігі басты

назарда» тақырыбында 1-9-сынып оқушыларына ата-аналары жиналысы ұйымдастырылып түсінік жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел, «Бір отбасы-бір кітап» акциясы аясында ата-аналармен бірлескен поэзия минуттары, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында «Терроризм мен экстремизмнің алдын алу шаралары» тақырыбында ата-аналарға жаднамалар таратылып, «Отбасындағы тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында психологиялық сабақ ұйымдастырылды.



*(ата-аналармен өтілген іс-шаралардан көріністер)*

Аталған оқу жылында жыл басынан бері ата-аналармен бес отырыс өтілді. Ата-аналар отырысында түрлі мәселелер қаралды. Алғашқы тамыз айында өтілген ата-аналар отырысында жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңалықтармен таныстырылып, «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының ерекшеліктері түсіндірілді. Мектептің ішкі тәртіп ережесі және мектепке оқушыларға мектепке алып келуге тыйым салынған заттар тізбесімен таныстырылып, ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, жұмыс жоспары талқыланды. Қазан айында өтілген екінші отырыста «Ата-аналарды қолдау орталығы» бағдарламасы, мақсат, міндеттері, сабақ кестелері таныстырылып, оқушылардың күзгі каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі, 1-тоқсан бойынша оқу-тәрбие қорытындысы қаралды. Желтоқсан айында өтілген үшінші ата-аналар отырысында «Ұялы телефондардың бала психологиясына әсері» тақырыбында ата-аналарға психологиялық кеңес беріліп, оқушылардың түнгі қозғалысы, үйірме жұмыстарына қатысымы, 2-тоқсан бойынша оқу-тәрбие қорытындысы тыңдалды. Наурыз айында өтілген төртінші ата-аналар отырысында 3-тоқсан бойынша оқу тәрбие қорытындысы, ата-аналарды қолдау орталығы сабақтарына ата-аналардың қатысымы, көктемгі каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері талқыланды. Мамыр айында өтілген соңғы ата-аналар жиналысында «Балалармен қандай тақырыптарды сырласқан ұтымды» тақырыбында психологиялық кеңес беріліп, жасөспірімдер арасында кездесетін құқықбұзушылық түрлері, оның себептері туралы айтылып, оқушылардың жазғы демалыс лагерлеріне қамтылуы, жазғы каникул кезіндегі балалардың түнгі қозғалысы талқыланып, ата-аналар комитетінің жұмысы қорытындыланып, ата-аналармен жүргізілген жұмыстарда белсенділік танытқан, балалары оқу-тәрбие бойынша жетістікке жеткен ата-аналар марапатталды.

Сонымен қоса «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАқ Ғылыми-әдістемелік Кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Көсембай негізгі мектебінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылды. Арнайы кабинет ашылды. Жоспар негізінде жыл басынан бері 1-4-сынып ата-аналарымен сегіз сабақ, 5-9-сынып ата-аналарымен сегіз сабақ ұйымдастырылды. Ата-аналардың сабаққа қатысымы өте жақсы болды.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАқ Ғылыми-әдістемелік Кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Көсембай негізгі мектебінде «Даналық мектебі» клубы құрылды.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірбесін пайдалану мақсатында «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді.





“Даналық мектебі” жоспарына сәйкес “Ертегі – танымның көзі” тақырыбында 1-4-сынып оқушыларының әжелермен интерактивті сабақ ұйымдастырылды. Шара барысында әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуеті жан-жақты ашылып, отбасында ертегіні тәрбие

құралы ретінде қолдана білуге керектігі талқыланды.

[https://www.instagram.com/reel/C00e76no39K/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C00e76no39K/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



Бастауыш сынып әжелерімен «Ырым-тыйым – әдептілік негізі» тақырыбында әжелер мектебінің жетекшісі Ш.Азанованың ұйымдастырумен дөңгелек үстел жұмысы өтілді. Жұмыс барысында әдептілік туралы тұжырымдар жасалып, ырымдар және оның маңызы туралы

түсіндіріліп, ырым тыйымның ұлттық тәрбиедегі орнын ашып, мәнін айқындады. Аталған шараға -9 әже қатысты.



8-наурыз Халықаралық аналар әйелдер күніне орай жас ұрпақты ата - баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелер айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Әжелер өнегесінің ерекшелігін

ашу. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге үйрету мақсатында 1-2-сынып оқушыларының әжелерінің арасында “Әжелер сөзі-тәрбие көзі” тақырыбында сайыс өтілді. Өткізген сынып жетекшілері М.Желдібаева, Ш.Азанова

[https://www.instagram.com/reel/C4PWbjxlIq/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C4PWbjxlIq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



Жеңгелер мектебінің жоспарына сәйкес «Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбында 7-9-сынып қыз балалары және жеңгелерімен дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және

заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру. Жұмыс барысында жеңгелер қыздарға қыз баланың тұлғалық қалыптасуы, халқымыздағы қыз бала тәрбиесі арқылы отбасы бақытын сақтау құпияларымен бөлісті. Сонымен бірге «Мұны қыздар білуге тиіс...» тақырыбында интерактивті сабақ өтілді. Интерактивті сабақ барысында жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіріліп, қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашылып, қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен түсіндірілді.

[https://www.instagram.com/reel/Cz3esZYl6qK/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/Cz3esZYl6qK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



8-наурыз халықаралық аналар мерекесіне орай 5-8-сынып қыз балалары мен жеңгелері арасында “Сұлу қыз, сырлы жеңге” тақырыбында байқау өтілді. Байқауға 5-сыныптан Абдолова Жаңагүл жеңгесі Гүлданамен, 6-сынып оқушысы

Майданова Гүлсая жеңгесі Қарашашпен, 7-сынып оқушысы Имағамбетова Кәусар жеңгесі Орынгүлмен, 8-сынып оқушысы Сансызбай Мадина жеңгесі Гүлсезіммен қатысып өз өнерлерін көрсетті. Байқау нәтижесі бойынша қатысушылар жүлделі орындармен, сыйлықтармен

марапатталды. Өткізген сынып жетекшілері Ж.Даулетова, М.Елемесова.

[https://www.instagram.com/reel/C4LvhgulX1m/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C4LvhgulX1m/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==



Ағалар мектебінің жоспарына сәйкес Ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбындағы дискуссия өтілді. Шараға 7-9-сынып ер балаларының ағалары қатысып, ағалар міндетінің

мағынасы ашылып, інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндірді. Сонымен бірге «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбындағы кездесу кеші өтілді.

[https://www.instagram.com/reel/C0LgeWvInci/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C0LgeWvInci/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==



Сонымен бірге мамыр айында «Ынтымақ айы» жоспары бойынша мектеп оқушыларының ағалары мектеп ауласына жеміс ағаштарын отырғызып, игі іске өз үлестерін қосты.

[https://www.instagram.com/p/C6y0pkeoGZk/?](https://www.instagram.com/p/C6y0pkeoGZk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

[utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/C6y0pkeoGZk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

Аталар мектебі жоспарына сәйкес «Жеті атасын білген жұр, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау. Аталған шара негізінде оқушылар шежіренің мағынасын толық ұғып, қан тазалығы ұлт болашағы екендігін, әулет тарихын білудің маңыздылығын ұғынды. Сонымен бірге «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау мақсатында іс-шара өтілді.

Жалпы «Даналық мектебі» клубы аясында жоспарланған барлық жұмыстар өз деңгейінде жоспарға сай ұйымдастырылды. Өтілген жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Л.Шутенова